

А.Т. Каирова^{1*} , К.Ж. Туребаева¹ 

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: kairova.akerke@mail.ru

ПАТРИОТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Андатпа.

Бұл мақалада жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылып, негізгі ұғымдардың мәнін анықтауда және түрлі түсініктемелерді саралауда философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік еңбектерге сүйеніп баяндалды. Патриоттық мәдениет ұғымының мәні мен мағынасын жете түсіну үшін «патриотизм» мен «мәдениет» ұғымдарының теориялық-әдістемелік негіздерін басты мақсат етіп, аталған ұғымдардың шығу тарихы мен ғылыми айналымға ену мәселесін қарастырып, философиялық базистеріне талдау жасалды. Зерттеу өзектілігіне сай зерттеу методологиясында тарихи, детерминизм және хронологиялық принципті, диалектикалық байланысты сақтай отырып, жүйелілік, жіктеу әдістері қолданылып, қорытынды жасалды. Сонымен қатар, мақалада оқу әрекетін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдеме мен бағыттарды ескере отырып, пәндік білім берумен қатар адамның рухани дамуын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйену арқылы сыни көзқарастарға талдау жасалып, ой тұжырым жасау арқылы ғылыми-әдебиет авторларының пікірі объективті түрде қорытылды. Зерттеуші ғалымдардың патриоттық және мәдени көзқарастарының тоғысуының аясында, қоғамның даму тенденциясына сай құндылықтар эволюциясындағы жаңа ұғымға жүйелі түсінік беру арқылы ғалымдардың еңбектерін жіктеу арқылы өзектілігіне сай зерттеу жұмысымыздың бір бөлігі айқындалды.

Негізгі сөздер: адал азамат, құндылық, патриотизм, мәдениет, мәдени даму, патриоттық мәдениет.

Кіріспе.

Жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыруда ең алдымен ұғымды түсініп, тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сананы, патриотизм мен адамзаттық құндылықтарды дамыту мәселелерін қарастырған жөн. Ұғым заттар мен құбылыстардың елеулі объективті жақтарын бейнелейтін, арнайы терминдермен немесе белгілермен бекітілген ғылыми білім. Біздің зерттеуіміздегі негізгі ұғым – «патриоттық мәдениет», ол қазіргі кезеңде зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде көп қырлы ұғым ретінде сипатталып жүр. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп, зерделенген ұғымның мәнін тереңінен пайымдасақ, жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыру тәуелсіз ел болумен бірге сол елдің ұлттық бірегейлігін ынтымақтастықта сақтауда жас тұлғаның ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытуға бағытталады. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында: «Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда елдің бірлігі және тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы қажет. Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды «Адал азамат» - деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады» [1] деп түйіндеген ойдан әрбір адам рухани құндылықтар жүйесін дамытып, қоғамға, халыққа, Отанға деген сүйіспеншілігін нығайту арқылы «Адал азамат» бейнесін жүзеге асыруға болатындығын ұғынуға болады. Бүгінгі таңда ұлттық және халықаралық құндылықтар мен мүдделердің үйлесімін қамтамасыз ететін мемлекеттік, қоғамдық және экономикалық

тетіктерді құру мақсатында жас ұрпаққа оқытудағы құндылықтық бағдарды қалыптастыру білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Оқытудағы құндылықтық бағдар – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру арқылы нәтижеге қолжеткізуге бағытталған педагогикалық тәсілдеме. Мұғалім оқу әрекетін ұйымдастыру барысында оқушы тұлғасын құндылықтар жүйесін дамытумен қатар, қоғамда өмір сүру қабілеттілігі мен дағдысын және мінез-құлық стилін қалыптастыру арқылы әлеуметтік маңызға ие бола алады. Оқу бағдарламасын тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы кең ауқымды дағдыларды меңгерту арқылы оқушының мектептегі білім алу тәжірибесіне және келешегіне кепіл болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының жеке қасиеттерінің дамуына, атап айтсақ, «азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «өз елінің патриоты», «өмір бойы білім алу» тәрізді білім берудің басты құндылықтарын дарыту негізі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмысының барысында негізгі ұғымдардың мәнін анықтауды және түрлі түсініктемелерді саралауда патриоттық мәдениетті қалыптастыру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық негіздері, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен тақырып аясындағы ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Атап айтқанда, болашақ педагогтардың патриоттық мәдениетін қалыптастыруды зерттеген отандық ғалым В.В. Сергеева, курсанттардың патриоттық мәдениетін зерттеуші ресейлік ғалым С.Н. Филипченко, мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыруды зерттеген Н.И. Верещагина, Е.А. Нуттунен еңбектеріне талдаулар жасалып жіктелді.

Патриоттық мәдениет ұғымының диалектикалық байланысын философиялық және әдіснамалық заңдылықтарға сүйеніп, «патриотизм», «мәдениет» ұғымдарының тоғысуын зерттеген С.Н. Филипченконың еңбегінің маңыздылығы зерделенген. Ұғымдардың шығу тарихын ғылыми әдебиеттерге сүйеніп негізделген. Теориялық-әдіснамалық талқылауларды жалпылау, салыстыру және талдаулардың негізінде патриоттық мәдениет ұғымы айқындалды.

Словения білім беру ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Митя Сардочтың еңбегіндегі сыртқы және ішкі уәж факторларының жіктелуін қарастырылды. «Патриотизм» және «мәдениет» ұғымдарының мәнін зерделеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері жүйеленіп талданды. Патриотизм ұғымын анықтау барысындағы сыни көзқарастар талқыланды. Патриоттық мәдениетті қалыптастыру мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектері хронологиялық реттілікпен жіктелді және салыстырмалы талдау жасалған.

Сонымен, зерттеу барысында біз төмендегі әдістерді қолдандық: философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік еңбектер, зерттеу өзектілігіне байланысты шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп талдау жасалды. Зерттеу методологиясында тарихи, детерминизм және хронологиялық принципті, диалектикалық байланысты сақтай отырып, жүйелілік, жіктеу әдістері қолданылды. Аталған ғылыми-теориялық әдістер зерттеудің өзектілігіне сай мәселені жан-жақты терең қарастыруға және талдау мен объективті қорытынды жасауға көмектесті.

Нәтижелер мен оларды талқылау.

Зерттеу мәселесі бойынша ең алдымен «патриоттық мәдениет» ұғымының мазмұнын ашу үшін «мәдениет» және «патриотизм» ұғымдарының өзара байланысын қарастыруды қажет етеді. Негізгі ұғымдардың мәнін анықтауды және түрлі түсініктемелерді саралау арқылы біздің зерттеуіміздегі негізгі ұғым – «патриоттық мәдениет», ал оның негізі «мәдениет» ұғымы болып табылады. Филофиялық әдебиеттерде «мәдениет» ұғымның шығуы адамзат тарихында Ежелгі Римнің саяси қайраткері, жазушы Цицерон Марк Туллий (б.з.б. 3.1.106, Арпинум — 7.12.43, Кайета маңы) еңбектерінде бастау алғанын, бұл

ұғымның мағынасы да, қолдану аясы да алуан және тарихи тұрғыдан алғанда, адам және оның іс-әрекеті мәдениеттің негізгі объектісі ретінде қарастырса, педагогикалық әдебиеттерде қоғамның, шығармашылық күштердің және адамның қабілеттерінің дамуын анықтаудың тарихи қалыптасқан көрсеткіші ретінде бағаланған [2]. Ал патриот ұғымы адамзат санасында XVIII ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін кеңінен қолданыс тауып келеді. «Патриот» ұғымы тарихи деректерге сүйенсек алғаш рет 1789-1793 жылдары ұлы француз төңкерісі кезеңінде, яғни сол кезде монархистер лагерінен шыққан сатқындар мен Отанын сатқан опасыздарға қарсы халық мүддесі үшін күрескен республиканы қорғаушылар өздерін «патриот» деп атаса, Кеңестік Үкіметті құрушы большевиктер өздерін «патриоттар» деп жіктеген. «Патриот» ұғымының мағынасына ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген. Бұл ұғым 1859 жылы орыстың танымал лексикографы, жазушы Владимир Иванович Дальдың «Толковый словарь живого великорусского языка» атты еңбегінің 200 мың сөздікте тұратын анықтамасында «Патриот – Отанын сүйуші, оның игілігін қызу қолдаушы, Отансүйгіш, Отандас» - деп түсінік берілген. Саяси түсіндірме сөздікте: «Патриот – өз Отанын адал сүйетін, қызмет ететін, өз мүддесін ел мүддесі жолында құрбан қылатын, басқа ұлттар мен ұлыстарға кеңпейілдікпен қарайтын адам» десе, әлеуметтану және саясаттану бойынша орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде «Патриот – өзінің Отанына берілген, оның мүдделеріне қызмет ететін адам» - деп анықтама берген [3]. Патриотизм ұғымы Еуропада ХҮІІІ ғасырда енгенмен, ХІХ ғасырдың ортасынан бастап патриотизм интеграциялық шовинизм мен ұлтшылдық ұғымдарымен байланыса бастады, ал Кеңестік дәуірде 1962 жылы арнайы заң арқылы кез-келген әрбір комсомол «патриот» болуға міндеттелді («Устав Всесоюзного Ленинского Коммунистического Союза Молодежи» (принят XIV съездом ВЛКСМ) [4]. Патриотизмге қарсы сыни көзқарастар да болды, мысалы орыс жазушысы Л.Н. Толстой «Патриотизм или мир» атты еңбегінде, егер әркім өз мемлекетінің патриоты болса, бұл адамзатты алшақтатып, адамдар арасында алауыздық тудыратын құбылыс ретінде санаған. Оның пайымдауынша әрбір адам өзінің патриоттық сезіміне жоғары баға беріп, өзгелердің патриотизмін түсінбеуі мүмкін [5]. Автор өз еңбегінде патриотизм мен бейбітшілік қатар жүрмейтінін айта келе, бейбітшілік болу үшін соғысты жою қажет, ал соғыс болмас үшін патриотизмді жою қажет деп ұсыныс айтады. Ал шын мәнісінде, өз елінің патриоты болу ең алдымен сана-сезіміне, одан соң іс-әрекетін ұйымдастыруға ықпал етуден басталатыны белгілі, сондықтан осы мәселені тарихи-педагогикалық тұрғыда зерттеудің маңызы зор болғандықтан бұл ұғымды зерделеу барысында патриотизм дамуының екі уәждаушы себебі бар екен, олар: сыртқы (соғыс, әскери шиленіс, жаулаушылық, т.б.) және ішкі уәждер. Осы уәждерді зерттеуші ғалым көпмәдениеттілік, патриотизм, азаматтық білім және т.б. бойынша бірнеше (ұлттық және халықаралық) ғылыми жобаларға қатысушы Люблинадағы (Словения) білім беру ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Митя Сардош (PhD) өз зерттеуінде ғалым Р.Брубейдің еңбектеріне сүйеніп, ішкі уәждерді мына топтарға бөледі: «интеграциялық импульс», «қайта бөлуші импульс», «орнын толтыру импульс» және «жауапкершілік импульсі» [6]. Ғалымның пікірінше, интеграциялық импульс адамдарды біріктіретін күш болса, қайта бөлу импульсі саяси қоғамдық мүшелері арасында меншікті қайта бөлуге қамтамасыз етіледі, орнын толтыру импульсі саяси қауымдастық мүшелеріне құқықтарды түзету ретінде қарастырылса, ал жауапкершілікке негізделген импульс, бірінші кезекте, әдетте патриотизммен, мысалы адалдық, мақтаныш және т.б. теңестірілетін ассоциативтік ізгіліктерді дамыту механизмі ретінде қарастырылады (Mitja Sardoš, 2017:). Батыс зерттеушілері мен патриотизм ұғымына сыни көзқарасты ғалымдардың зерттеулерін ой елегінен өткізіп, әр адамның бойында рухани әлемінен орын алатын патриоттық мәдениет феноменіне бет бұруды ұйғардық.

Қазіргі тарихи кезеңде тәуелсіз елдің кеңістігінде жас ұрпақтың санасында отаншылдық рух пен туған жерге деген сүйіспеншілік, жауапкершілік сезімдері жалындап

тұруы қажет. Жалпы, бала бойына Отанға деген адалдық пен оған деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу қай уақытта да маңызды педагогикалық бағыт. Сондықтан, біздің мәдениетімізге имманент болған құндылықтарды жаңғыртуға негіз болатын, түрлі ұрпақтарды біріктіретін, топтастырушы рөл атқаратын құндылықтарды нығайту қажет екені анық. Еліміздің ертеңі мен болашағы үшін, ұлттық құндылықтар мен бірегейлікті сақтауда тұлғаның патриоттық көзқарастарын дамытумен қатар мәдени дамуына да басты назар аудару қажет. Мәдениет ұғымын тереңінен пайымдасақ, адамның іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылатын өзгерістер, қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік фактор. Адамның мәдени дамуы бірге қоғамда дамиды, қоғамның әлеуметтік деңгейі жоғары болса, рухани өмірі де жоғары болады. «Адам – қоғам – мәдениет» ұғымы қоғам дамуының барлық кезеңдерінде бір-бірінен ажырамаған ұғымдар, сондықтан біздің зерттеуіміздегі «патриоттық мәдениет» ұғымының негізі – мәдениет. «Патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін зерттеген С.Н. Филиппченконың көзқарасы бойынша, «патриотизмдегі мәдениет», ал екінші жағынан, «патриоттық мәдениетті (құндылықты)» білдіреді. Патриотизм мәдениеттің элементі ретінде әрекет етеді. Философиялық тұрғыдан алғанда, мәдениет «формадан» басқа ештеңе емес, патриотизм – «мазмұн». «Мазмұн» философиялық категория ретінде, өзара байланысты құрамдас элементтер, қасиеттер мен процестер жүйесін көрсетеді [7]. Детерминизм принципіне сәйкес мәдениет пен патриотизм өзара байланысты, яғни философиялық және әдіснамалық заңдылықтарға сүйеніп, «патриотизм», «мәдениет» ұғымдарын саралай келе, диалектикалық өзара байланысты құбылыстар екеніне көз жеткізіп, «патриоттық мәдениет» мәдениет және патриотизм ұғымдарының тоғысында орналасқан [8].

Біз келесі кезекте, патриоттық мәдениетті қалыптастырудың мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тоқталсақ, патриоттық мәдениетті қалыптастыру – аз зерттелген мәселе. Патриоттық мәдениетті зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, тәжірибесіне сүйеніп, салыстырмалы талдау арқылы саралауда ең алдымен зерттеу тарихына тоқталдық. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында, ең алдымен патриотизм ұғымының күрделі және көп қырлы ұғым ретінде әр түрлі әдебиеттерде зерттеуші авторлар әр түрлі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда, олардың жеке азаматтығына, өз Отанына деген көзқарасына байланысты қарастырғанын атап өтуге болады. Мәселен, «патриотизм» және «мәдениет» ұғымдарының мәнін зерделеген ғалымдардың еңбектері:

- патриотизм қоғамдық құбылыс ретінде (А.Айталы, Р.Айтқалиев, Л.Ахметова.);
- патриотизм тұлғаның өзара байланысты және өзара әрекеттесетін адамгершілік қасиеттерінің кешені ретінде (Н.В. Адаева, А.В. Азарова, М.А. Мазур, Л.В. Филатова және т.б.);
- мәдениет пен патриоттық сана құрылымындағы патриотизм (А.А. Аронов, Н.И. Корниец, Л.Н. Котруца, В.А. Руза, В.В. Сергеева және т.б.);
- мәдениет пен патриотизмнің өзара байланысын ашатын зерттеулерді ерекше атап өткен жөн (В.Е. Давидович, Л.Н. Коган, Б.Т. Лихачев және т.б.);
- мәдениетті дамытудың жалпы мәселелері қарастырылады (В.С. Библер, М.Вебер, В. Виндельбанд, А.Дж. Тойнби және т.б.),
- патриоттық мәдениеттің құрылымы жеке білім ретінде негізделген (М.А. Мазур, И.В. Бурлакова, Н.А. Ефименко, С.А. Козырев, О.В. Лебедева, В.Е. Мусина, және т.б.) патриоттық және патриоттық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми тәсілдерін анықтаған.

Отандық ғалымдардың бірі Ә.С. Қалмырзаев өз еңбегінде «Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс», - деп саяси-әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттайды [9]. Біз өз зерттеуімізде, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үрдісінде әрбір адамның мүдделілік сезімі факторына ерекше назар аударуды ескере отырып, бұл

орайда ғалым Ғ.А. Меңлібаевтың ой топшылауына назар аударсақ: «Адам бойына сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтарды батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің өзінің, жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек», - деп негіздеген. Ғ.А. Меңлібаев өз зерттеуінде патриотизм мен ұлтаралық қатынас мәдениетін саралап келіп, әрбір жеке адамның қоғамдық мүдде мен жеке мүдденің арасалмағына қатысты пікірін білдіреді. Халқымыздың тарихына көз жіберсек, заманның қай уақытында да отансүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік, мейрімділік пен қайырымдылық, қонақжайлылық сынды қасиеттер ғасырдан-ғасырға өз жалғасын табуда, әрине осы асыл қасиеттер ата-бабадан қалған баға жетпес байлықтың кілтін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білуі керек екенін ескере келе, патриоттық мәдениетті құндылық негізінде қалыптастыруды жөн көрдік. Әлеметтанушы Б.Ерасов: «Құндылықтың пайда болуы, адамның қажеттігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді» - деп негіздеген [10]. Әлеуметтану ғылымында құндылықтар мемлекет тарихы, мәдениет, дәстүр, тіл және т.б. түрлер арқылы сипатталады. Ал психологиялық сөздікте құндылық, қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, жеке адам өмірінің болмысы және қоғамдағы моральдық қарым-қатынасын реттейтін құбылыс ретінде түсіндіреді. Педагогикалық сөздікте: «Құндылық – адамың ішкі құқығы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынас, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі» - деп, яғни тәрбие барысында жүзеге асатынын негіздеген [11]. Сонымен, бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан қарастырылып, оны мәніне жан-жақты көңіл бөлінгенін атап кеткен жөн. Жалпы құндылық ұғымын ұлттық психология тұрғысынан Қ.Жарықбаев, жалпы адамзаттық және ұлттық тұрғысынан Қ.Қожахметова, педагог-ғалым Қ.Оразбекова ұлттық тәрбие негізінен қарастырса, Ш.Джанзакова ұлттық мәдениеттің жаңаруы арқылы этнопедагогикалық мәдениетті әлеуметтік-педагогикалық феномені ретінде ой түйеді. Қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, құндылық ұғымын педагогикалық категория ретінде қарастырып, оқытудағы құндылық тәсілдемесіне енгізу арқылы, патриоттық мәдениетті қалыптастыруда бастауыш сыныпта балаларға құндылықтар туралы жүйелі түсінік және рухани дамуына тиімді жолдарды атап көрсетуді жөн көрдік.

Адамзаттың өз еліне деген патриоттық рухын қалыптастыру үшін, оның тарихына, еліне деген сүйіспеншілігін сезіндіретін әрекетті жасау зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Кез-келген мемлекеттің тарихи және мәдени өмірінің құрылымы триаданы құрайды. Біріншіден, бұл әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде отандық, жалпыұлттық мәдениет; екіншіден, мемлекет аумағында тұратын түрлі ұлттық құрылымнан пайда болған аралас мәдениет; үшіншіден аймақта тұратын ұлттың ұлттық мәдениеті. Ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі жолы осы мәдениет арқылы жүзеге асады, бүгінгі таңда ауа ретінде осы идеяны тәжірибеге енгізу қажет. Мәдениет халықтың жылдар бойы жинақтаған асыл мұрасы, қоғам мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандарынан жинақталған. Осы орайда, А.Сейдімбек: «Мәдениет дегеніміз – экологиялық жүйемен, өмір салтпен етене өмір сүру салты. Мәдениеті жоқ ұлт болмайды, мәдениет жоқ ұлт не өледі, не басқа ұлтқа жұтылады» - деген пікірі кез-келген адамға ой салары хақ. Қоғамның даму тенденциясына сай құндылықтардың да даму эволюциясы жүреді, бұл ретте құндылықтардың басымдықтары өзгеріп, кейбір құндылықтар күшін жояды. Құндылықтар адамның сезімі мен ақыл-ойдың ұштасуынан және сол арқылы адамның іс-әрекеті туындайды. Осыған орай, біз өз зерттеуіміздегі патриоттық мәдениет ұғымы патриотизм аспектілерінің бірі ретінде қарастырған ғалымдардың еңбектерінде патриоттық мәдениетті зерттеу мәселесінде детерминизм принципіне сәйкес мәдениет пен патриотизм өзара байланысты, яғни философиялық және әдіснамалық заңдылықтарға сүйеніп, «патриотизм», «мәдениет»

ұғымдарын саралай келе, диалектикалық өзара байланысты құбылыстар екеніне көз жеткізіп, «патриоттық мәдениет» - негізі өзек, мәдениет – форма, патриотизмді – мазмұн ретінде негіздедік. Осы ұғымдардың өзара байланысын нақтылай келе, біз өз зерттеуімізде патриоттық мәдениетті зерттеуші ғалымдардың да еңбектерінде қарастырдық. Мәселен, С.Н. Филиппченко «Әскери ЖОО-да оқу процесінде курсанттардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру» атты еңбегінде ғалым, өз зерттеулерін 1994-2005 жылдар арасында Ресей қалалары: Саратов, Санкт-Петербург, Солтүстік Кавказ, Новосибирск, Пермь ішкі әскерлерінің әскери институттары және «№67 орта мектеп» коммуналдық білім беру мекемесінің кадет сыныптары мен Саратов қаласындағы кадет мектеп-интернатында жүргізген. С.Н. Филиппченко өз еңбегінде білім алушы курсанттарға патриоттық мәдениетін қалыптастырудың жүйелі, құндылық, мәдени (аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық) тәсілдерін «Біздің Отанымыз», «Соғыс философиясы», «Орыс мәдениеті. Жаңа уақыт», «Кадеттердің патриоттық мәдениеті» атты еңбектерінде әскери-патриоттық оқыту үдерісінде курсанттардың патриоттық мәдениетін қалыптастыруға әдістемелер ұсынған. Зерттеуші ғалымның еңбегінде: «Оқу орындарының курсанттарын әскери-патриоттық тәрбиелеу стратегиясының ғылыми түсінігі (дәстүрлер сабақтастығы) және «патриотизм» және «патриоттық мәдениет» ұғымдарының мазмұны нақтыланған (патриотизм ең маңызды, мәңгілік құндылықтардың бірі ретінде) қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына тән, оның дамуының ең жоғары деңгейін сипаттайтын, Отанға деген сүйіспеншілікте, Отан игілігі үшін белсенді өзін-өзі жүзеге асыруда, өзін-өзі белсенді етуде, оның дамуының ең жоғары деңгейін сипаттайтын маңызды рухани байлық болып табылады. Отанға қызмет етуге қабілетті жеке тұлғаның рухани-адамгершілік негізін құрайтын оның тарихымен, мәдениетімен, жетістіктерімен, құрылымдық құрамдас бөліктері сенсорлық-эмоционалдық, танымдық және белсенділік болып табылатын курсанттың патриоттық мәдениеті Отанын қорғауда қоғамда жинақталған тәжірибесі мен санасында патриотизм туралы идеялар мен көзқарастарды қалыптастыру арқылы Отанға қызмет ету қажеттігі сенім, ар-намыс, парыз сезімдері түрінде көрініс табады» - деп тұжырымдаған [12].

В.А. Руза «Қазіргі студенттер арасында патриоттық мәдениетті қалыптастыру және дамыту: социологиялық талдау» атты еңбегінде 2009-2010 жылдары Ресей мен Украина студенттері арасында патриотизмге бағытталған бағыттарды салыстырмалы зерттеу және әртүрлі форумдарға тұрақты қатысушылардың бірі ретінде, патриотизм және тарихи жады мәселелеріне арналған ғылыми-көпшілік әдебиет авторларының мәлімдемелеріндегі патриотизм туралы идеяларға қатысты ақпаратқа лингвистикалық-семантикалық талдау жүргізген [13]. Зерттеуші ғалым мәдениет пен отансүйгіштіктің арақатынасын зерттеу арқылы, патриоттық сезімдер жүйесін, таным, көңіл-күйін, көзқарастарын, сенімдерін, құндылықтарын, мотивацияларын, бағдарларын, идеалдарын, идеяларын білдіретін адамгершілік мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде патриоттық мәдениет ұғымының мәнін және оның өлшемдерін анықтаған.

М.А. Мазурдың 2007-2013 жылдар арасында Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің «Ханты-Мансийск» муниципалдық департаменті қызметкерлері арасында зерттеу жұмыстарын жүргізген «Ішкі істер органдары қызметкерлері арасында патриоттық мәдениетті қалыптастыру» атты еңбегінде ғалым полиция қызметкерлері арасында патриоттық мәдениетті қалыптастыру мотивациялық-мақсатты, мазмұндық-белсенділік, ұйымдастырушылық-әдістемелік және диагностикалық-түзету компоненттерін қамтитын жүйе шеңберінде сипаттаған [14].

Е.А. Нуттуненнің «Тарихи-әдеби мұражай арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың патриоттық мәдениетінің негіздерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты еңбегінде бастауыш мектеп оқушысының патриоттық мәдениетінің негіздері жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің бөлігі ретінде кем дегенде үш құрамдас

бөлікті қалыптастыру және дамыту арқылы жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерін дамытудың интегративті формасын: танымдық (жадында сақталған патриоттық мазмұнды білу), құндылық (Отанды және онымен байланысты ұғымдар мен фактілерді құндылық ретінде қабылдау) және мінез-құлық (белсенділік) – нақты әрекеттер мен істерде патриоттық жауапкершілік пен қамқорлықтың көрінісі ретінде негіздеген [15].

Отандық ғалым В.В. Сергеева «ЖОО-дағы болашақ педагогтардың патриоттық мәдениетін қалыптатырудың педагогикалық негіздері» атты зерттеу жұмысында: «Студенттерде патриоттық мәдениетті қалыптастыру идеясы қазіргі қоғамның даму тенденциясының көрінісі ғана емес, сонымен қатар болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесінде патриоттық мәдениетті қалыптастырудың жолдары мен құралдарын іздеуді ынталандырады. Болашақ мұғалімнің патриоттық мәдениеті педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде оның жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудегі патриоттық құзыреттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құбылыс және болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби дамуының нәтижесі» [16] - деп ой тұжырымдай келе, патриоттық мәдениетті қалыптастырудың құрылымын; интеллектуалдық (патриоттық, мәдени білім, тарихи, құқықтық және кәсіби-педагогикалық сипаты бойынша); мотивациялық (кәсіби-адамгершілік, патриоттық жеке тұлғаның белсенділік бағдары); белсенділік (әлеуметтік-патриоттық белсенділік, студенттер арасында отансүйгіштікті дамыту үшін саналы түрде бағытталған кәсіби іс-әрекет) бойынша жіктеген.

Н.И. Верещагинаның «Жалпы білім беру мекемесінде оқушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру» атты еңбегінде оқушылардың патриоттық мәдениетін сабақта және сабақтан тыс уақытта оқыту мен тәрбиелеуде құндылық негізінде қалыптастыруда акиологиялық, мәдени және белсенділік тәсілдемесі арқылы қалыптастыруды қарастырған. Мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің қызметінің бағыттарын төмендегідей атап көрсеткен:

- Отан тарихы, Ресей халықтарының дәстүрлері, мемлекеттік рәміздері туралы білім жүйесін қалыптастыру, Отан қорғаушылар, патриоттық мерекелер (т.б.) тарих сабақтарында, қоғамтану, сынып сағаттарында, сыныптан тыс жұмыстарда ұйымдастыру;

- сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларда оқушыларды құндылықтармен («парыз», «қадір-қасиет», «Отанға деген сүйіспеншілік», «жауапкершілік», «патриотизм», «құрмет», «намыс» т.б.) таныстыру;

- мектеп оқушыларының ұжымға, қоғамға, елге пайдалы патриоттық сипаттағы іс-әрекеттер мен істерді (іс-шараларға, мектептің өзін-өзі басқаруына қатысуы, оқуға деген саналы көзқарасы, тапсырмаларды орындауы) орындауға деген қажеттіліктерін қалыптастыру т.б.) [17].

Педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «қалыптасу» ұғымына да мән бердік. Бұл ұғымға да жан-жақты анықтама берілген, біздің зерттеуіміздегі патриоттық мәдениетті қалыптастыру мәселесінде адамның қалыптасуын зерделеу арқылы ұғымының мына сипаттамасына: «Қалыптасу дегеніміз – тұқым қуалаушылық ортаның, мақсатты бағытталған тәрбиенің және жеке адамның өзінің белсенділігінің объективті әсерінің нәтижесіндегі жеке адамның құрылуының процесі» [18] - деп берілген анықтамаға тұжырым жасадық. Бастауыш мектеп жасында баланың интеллектуалдық, әлеуметтік және адамгершілік қасиеттері танымдық қызығушылық арқылы қоршаған әлемге эмоционалды - құндылық қатынасымен сипатталатынын Л.С. Выготский, В.В. Давыдов және Д.Б. Эльконин еңбектерінде негізделген [19]. Ал, психологияда бастауыш мектеп оқушысының сезімтал екенін, дәл сол сезімтал кезінде баланың күрделі заттар мен құбылыстарды қабылдау қабілетімен ерекшелентінін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде де өз көзқарастарымен ой тұжырымдаған, мәселен көрнекті орыс психологы Л.С. Выготский былай деп жазды: «Егер біз оның шығармашылық әрекеті үшін жеткілікті күшті негіз жасағымыз келсе, баланың тәжірибесін кеңейту керек». Бастауыш мектеп жасында

психикалық функциялардың дамуы баланың санасының, ерікті зейінінің және барлық психикалық процестердің интеллектуализациясының күшеюі арқылы жүзеге асырылатын интеллектуалдық дамуының қарқындылығымен анықталады. Осылайша, еріктілік, саналылық және тұтастай алғанда, барлық психикалық процестердің интеллектуалдылығы бастауыш жастағы мектеп оқушыларының жаңа ғылыми ұғымдарды меңгеру барысында анықталады [20]. Патриоттық мәдениетті қалыптастыруды бастауыш сыныпта «Дүниетану» пәні бойынша оқытудағы құндылық тәсілдемесі негізінде жүзеге асырудың тиімді жолдарын жан-жақты қарастыру мақсатында зерттеген ғалымдардың еңбектері мен әдістемелерін қарастырдық.

Кесте 1 – Патриоттық мәдениетті қалыптастыру мәселесін зерттеуші ғалымдар көзқарастары

Зерттеуші ғалымдар	Ғалымдардың көзқарастары
С.Н. Филиппченко (2006 ж.)	Патриоттық мәдениет жасөспірімнің өзін оқу-тәрбие процесінің субъектісі ретінде білуі, өзінің өмірлік жолын жоспарлауы, өткен мен бүгінгі тарихын қабылдауға және патриоттық сезімін арттыруға дайындығын білдіреді.
В.А. Ружа (2013 ж.)	Патриоттық мәдениетті патриоттық сананың, дәстүрлердің, бағыттардың және мінез-құлықтың тұрақты құрамдас бөліктерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Патриоттық мәдениет мәдениеттің бір бөлігі ретінде тарихи тәжірибенің жинақталуымен дамиды және адамдардың патриоттық санасы мен мінез-құلقىның жаңа және дәстүрлі элементтерінің жиынтығына негізделген. Дәл осы қасиет қоғамға жетістіктерді жинақтауға және қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделу қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді.
М.А. Мазур (2013 ж.)	Патриоттық мәдениетті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі, құндылықтар мен қасиеттерге негізделген және Отанның өмірлік мүдделері мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін белсенді патриоттық қызметте көрінетін интегративті жеке қасиет ретінде қарастырды.
Е.А. Нуттунен (2016 ж.)	Патриоттық сезім қоғамдық интеграцияның негізіне айналуы үшін, жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерді толықтыруда мәдениет дамуының ең жоғарғы деңгейі ретінде патриоттық мәдениетті қалыптастыру қажет. Патриоттық мәдениет – тарихи, мәдени, азаматтық – патриоттық құндылық бағдарларын және қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.
В.В. Сергеева (2018 ж.)	Патриоттық мәдениет – бұл адамнан тыс өмір сүретін және бір жағынан құндылық аспектілерінің жиынтығын, екінші жағынан адамнан тыс өмір сүретін құндылық білімдері мен қарым-қатынастарының жиынтығын білдіретін патриотизмнің жоғары деңгейі.
Н.И. Верещагина (2020 ж.)	Мектеп оқушыларының патриоттық мәдениеті сабақта және сабақтан тыс уақытта сезімтал-эмоционалды негізде қалыптасады, Отан тарихы, өз халқының дәстүрлері туралы білім, оқушылардың оқиғаларға, нақты адамдардың іс-әрекеттеріне және тарихи құбылыстарға баға беру қабілетін дамытуға, гуманистік құндылықтарды, мектеп оқушыларының адамдармен өзара әрекеттесуінің патриоттық аспектісін модельденген және нақты жағдайларда анықтауға негізделген патриоттық бағыт болып есептеледі.
Ескерту: авторлармен құрастырылған	

Жоғары кестеде ғалымдардың көзқарастарын зерттеу барысында патриоттық мәдениет жан-жақты қарастырылған, көп мағыналы ұғым екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, зерттеуші ғалымдардың көзқарасы бойынша патриоттық мәдениет жеке тұлғаның оның қызметі мен іс-әрекетінде көрінетін патриоттық сана-сезімінің дамуының ең жоғары, кешенді дәрежесі деп есептейміз. Патриоттық мәдениет оның құрылымын құрайтын үш негізгі құрамдас бөліктерден тұрады: танымдық, құндылық, мінез-құлық, оған білім, мотивтер, тілектер, ерік-жігер, мінез-құлық және белсенділік, сондай-ақ патриоттық мәдениеттің барлық компоненттерінің негізі ретінде әрекет ететін эмоциялар кіреді.

Болашаққа көз жүгіртсек, патриоттық мәдениетті қалыптастыру арқылы жас ұрпақтың бойында жеке қасиеттері мен адамгершілік қағидаттарына сай рухани құндылықтар жүйесі дамиды.

Осы саланы зерттеуші ғалымдар еңбектеріне сапалық талдау жүргізе отырып, қоғам мен мемлекеттің өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге, оның ішінде, патриоттық мәдениет негіздерін дамытуда бастауыш мектеп үшін бұл үдерісті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мен оқу пәндері бағдарламалары мазмұнын әлі де жетілдіру қажеттілігі анықталды. Зерттеу барысында ғалымдар білім беру бағдарламаларын жасақтауда білім алушылардың патриоттық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі мен педагогикалық шарттарын талдап көрсетеді. Осы орайда, зерттеу мәселесінің практикалық құндылығын анықтау мақсатында Ақтөбе қаласы №36 қазақ орта мектебінің 4-сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнама нәтижелеріне тоқталуға болады. Оқушыларға арналған сауалнама мазмұны төмендегі сұрақтарды қамтыды:

1. «Патриот» ұғымының мазмұнын қалай түсінесіз?
2. Ұлы тарихи тұлғалар туралы не айта аласыз?
3. Ел тарихы туралы не айта аласыз?
4. Мәдениет дегенді қалай түсінесіз?
5. Мәдениетті болу үшін басты құндылық қандай деп ойлайсыз?
6. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, отаныңыздың патриоты болу үшін ең маңызды қасиет қандай?
7. Үлкенге құрмет, кішіге ізет дегенді қалай түсінесіз?
8. Патриоттық рух, патриоттық сана дегеніміз не?
9. Патриот болу азаматтық борышым дегенді қалай түсінесіз?
10. Өз еліңе деген сезімді қалай жеткізесің? Өз ойыңызды білдіріңіз.

Сауалнама нәтижелері. Оқушылардың басым көпшілігі «патриот» ұғымының мазмұны (75%). Оқушылардың пікірінше, өз елінің патриоты ерлік жасау арқылы сипатталады екен, біздің тұжырым «патриот» ұғымын әрі жетілдіру және білім беру ұйымдарында білім бағдарламаларындағы оқытудағы құндылық тәсілдемесі негізінде назар аудару қажет. Оқытушылардың 62,5% ұлы тарихи тұлғалардың есімдерін және олардың ел тарихына қосқан үлестерін атай алды. Еліміздегі тарихи кезеңдері мен мемлекеттік мерекелерін (78%). Сауалнама қатысушыларының 87,5% қазіргі уақытта еліміз үшін ең маңызды құндылықты ұсынды. Мәдениет және мәдени құндылықтар туралы оқушылардың 72% жауап берді. Қатысушылардың 75% көзқарасы бойынша, өз елінің патриоты болу үшін ең маңызды қасиет: өз еліне адал қызмет ету деп ойлайды. Зерттеушілердің 82,5% өз еліне деген сезімді өз көзқарастарымен атап көрсеткен.

Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей негізгі мәселелер ұсынылған:

- «патриот» ұғымы мәнін меңгертуді одан әрі жетілдіру;
- «Дүниетану» пәні негізінде мүмкіндіктерін кеңейту;
- патриоттық мәдениеті қалыптастыру жолдарын әдістемелік тұрғыда негіздеу.

Сауалнама мазмұнын талдау барысында кіші мектеп жасындағы балалары үшін «патриоттық тәрбие», «патриоттық мәдениет» мәселелері әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткізілді.

Қорытынды.

Біз өз зерттеуіміздегі патриоттық мәдениетті қалыптастыруда ең алдымен ұғымның мәнін ашуда детерминизм принципіне сәйкес мәдениет пен патриотизм өзара байланысты, яғни философиялық және әдіснамалық заңдылықтарға сүйеніп, «патриотизм», «мәдениет» ұғымдарын саралай келе, диалектикалық өзара байланысты құбылыстар екеніне көз жеткіздік. «Патриоттық мәдениет» – негізі өзек, мәдениет – форма, патриотизм – мазмұн ретінде тұжырымдауда шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, зерттеу өзектілігіне сай философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік еңбектерді

саралау арқылы негізделіп, ой тұжырым жасалды. Педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында «қалыптастыру» ұғымын саралау арқылы белгілі бір мақсатқа сай қасиеттерді дамытуға арналған процесс екенін ескере отырып, оқу әрекетін ұйымдастыруда жас ерекшелігіне сәйкес тек пәндік білім берумен қатар қоғамның даму тенденциясына сай құндылықтар жүйесін дамыту арқылы қоғамға, халыққа, Отанға деген сүйіспеншілігін нығайтуды жүзеге асыратын саналы, парасатты тұлғаны қалыптастыруды мақсат еттік. Патриоттық мәдениетті қалыптастыру мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе, әрбір адамның мәдени дамуымен бірге қоғам да дамиды, ол рухани байлық, оның негізгі көрсеткіші сүйіспеншілік арқылы бейнеленеді. Ал сүйіспеншіліктің ең жоғарғы деңгейі – патриоттық мәдениет деп ойымызды нақтылаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.akorda.kz/> (қаралу уақыты: 20.01.2024)
- 2 Философиялық энциклопедиялық сөздік. — Алматы: Кітап палатасы. — 2013. — 480 б.
- 3 Азарова А.В. К вопросу об истории развития идеологии патриотизма в России. Вестник Военного университета. — №3(23). — 2010. — С. 21-25
- 4 Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы. — 2007. — 616 б.
- 5 Патриотизм или мир? [Электронный ресурс] — URL: http://az.lib.ru/t/tolstoj_lew_nikolaewich/text_0750-1.shtml (дата обращения: 23.01.2024)
- 6 Mitja S. (2017) The anatomy of patriotism. Anthropological Notebooks, XXIII/1. P. 43-55
- 7 Филиппченко С.Н. Формирование патриотической культуры курсантов в процессе обучения в военном вузе. [Электронный ресурс] — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoi-kultury-kursantov-v-protsesse-obucheniya-v-voennom-vuze> (дата обращения: 24.01.2024)
- 8 Каирова А.Т., Туребаева К.Ж., Ольховая Т.А. «Дүниетану» пәні бойынша оқу әрекетін ұйымдастыруда бастауыш сынып оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру. «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. — №4(71). — 2023. — Б. 344-356
- 9 Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады. — Егемен Қазақстан. — 10 қаңтар. — 1998. — 25 б.
- 10 Сайлауова Н.С. Бастауыш сынып оқушыларының этномәдени құндылықтары негізінде патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. — Атырау. — 2010. — 285 б.
- 11 Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. — Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ. — 2006. — 482 б.
- 12 Филиппченко С.Н. Формирование патриотической культуры студентов. Известия Саратовского университета. Сер. Философия. Психология. Педагогика. — №11. — 2011. — С. 106–109
- 13 Ружа В.А. Становление и развитие культуры патриотизма современного студенчества: социологический анализ. [Электронный ресурс] — URL: <https://www.dissercat.com/content/stanovlenie-i-razvitie-kultury-patriotizma-sovremennogo-studenchestva> (дата обращения: 27.01.2024)
- 14 Мазур М.А. Формирование патриотической культуры у сотрудников органов внутренних дел. [Электронный ресурс] — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoi-kultury-u-sotrudnikov-organov-vnutrennikh-del> (дата обращения: 28.01.2024)
- 15 Нуттунен Е.А. Педагогические условия формирования основ патриотической культуры детей младшего школьного возраста средствами историко-литературного музея. [Электронный ресурс] — URL: <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/pedagogicheskie-uslovija-formirovaniya-osnov-patrioticheskoi-kultury-detej-mladshego.html> (дата обращения: 29.01.2024)
- 16 Сергеева В.В. Научно-педагогические основы формирования патриотической культуры будущих педагогов в вузе. [Электронный ресурс] — URL: <http://arabaev.kg/dp.kg/uploads/Диссертация%20Сергеева%20В.В..pdf> (дата обращения: 30.01.2024)
- 17 Верещагина Н.И. Формирование патриотической культуры школьников в общеобразовательном учреждении. [Электронный ресурс] — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoi-kultury-shkolnikov-v-obshcheobrazovatelnom-uchrezhdenii> (дата обращения: 15.02.2024)
- 18 Нұрахметова Р.Ә., Молдағалиев Б.А., Фейзулдаева С.А., Урбисина А.Б. Педагогика: сөздік. — Оқу құралы. — Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті. — 2009. — 112 б.

19 Сыдықова Р.Ш., Мухамеджанова И. Бастауыш сынып оқушыларының патриотизмін қалыптастыру технологиясы. Яссауи университетінің хабаршысы. — 2022. — №1(123). — Б.219-228

20 Тулегенова Г.А. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу. [Электрондық ресурс] — URL: <https://zhetyssu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/07/Диссертация-Тулегенова-Г.А.pdf> (қаралу уақыты: 20.02.2024)

ФОРМИРОВАНИЕ ПАТРИОТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ: ЗАРУБЕЖНЫЙ И ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ОПЫТ

Аннотация.

В данной статье всесторонне рассматриваются актуальные проблемы формирования патриотической культуры у молодого поколения, в определении сущности основных понятий и дифференциации различных объяснений: основанные на философских, психолого-педагогических и социальных работах. Описываются выявленные автором вопросы формирования патриотической культуры, предложения и перспективы. Для полного понимания сущности и значения понятия патриотической культуры были рассмотрены теоретико-методологические основы понятий «патриотизм» и «культура», проведен анализ философских базисов, рассмотрен вопрос происхождения и включения данных понятий в научный оборот. В соответствии с актуальностью исследования в методологии исследования были рассмотрены методы систематизации диалогической связи, классификации с сохранением исторического, детерминистского и хронологического принципа. Кроме того, в статье с учетом педагогических подходов и направлений в организации учебной деятельности, наряду с предметным образованием, изучались духовное развитие человека, на основе работ отечественных и зарубежных ученых были проанализированы критические взгляды, объективно обобщены мнения научных и литературных авторов. В условиях слияния патриотических и культурных источников ученых-исследователей, путем систематического осмысления нового понятия в эволюции ценностей в соответствии с тенденциями развития общества, была определена часть нашей исследовательской работы, в соответствии с актуальностью исследования.

Ключевые слова: честный гражданин, ценность, патриотизм, культура, культурное развитие, патриотическая культура.

UNDERSTANDING PATRIOTIC CULTURE: INSIGHTS FROM FOREIGN AND DOMESTIC PERSPECTIVES

Abstract.

This article comprehensively examines current problems in the formation of patriotic culture among the younger generation, in determining the essence of basic concepts and differentiation of various explanations: based on philosophical, psychological, pedagogical and social works. The author describes the issues of formation of patriotic culture, proposals and prospects. To fully understand the essence and meaning of the concept of patriotic culture, the theoretical and methodological foundations of the concepts of “patriotism” and “culture” were considered, an analysis of the philosophical bases was carried out, and the issue of the origin and inclusion of these concepts in scientific circulation was considered.

In accordance with the relevance of the study, the research methodology examined methods for systematizing dialogical communication, classification while maintaining the historical, deterministic and chronological principle.

In addition, the article, taking into account pedagogical approaches and directions in the organization of educational activities, along with subject education, studied the spiritual development of a person, based on the works of domestic and foreign scientists, critical views were analyzed, and the opinions of scientific and literary authors were objectively summarized.

In the context of the fusion of patriotic and cultural sources of scientific researchers, through a systematic understanding of the new concept in the evolution of values in accordance with the development trends of society, part of our research work was determined in accordance with the relevance of the study.

Key words: honest citizen, value, patriotism, culture, cultural development, patriotic culture.

REFERENCES

1 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Ūlttyq qūryltaidyñ «Ädiletı Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinşı otırysında sōilegen sōzı [The speech of the head of state Kassym-Jomart Tokayev at the second meeting of the National Congress entitled "Fair Kazakhstan - Honest Citizen"]. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/> [in Kazakh] (accessed: 20.01.2024)

2 Filosofialyq ensiklopedialyq sōzdkı [Philosophical encyclopedic dictionary]. Almaty: Kıtıp palatasy. 2013. 480 p. [in Kazakh]

- 3 Azarova A.V. K voprosu ob istorii razvitiya ideologii patriotizma v Rossii [Question about the history of the development of ideological patriotism in Russia]. Vestnik Voennoy universiteta. №3(23). 2010. P. 21-25 [in Russian]
- 4 Saiasi túsındırme sözdik [Political explanatory dictionary]. Almaty. 2007. 616 p. [in Kazakh]
- 5 Patriotizm ili mir? [Patriotism ili mir?]. Available at: — URL: http://az.lib.ru/t/tolstoj_lew_nikolaewich/text_0750-1.shtml [in Russian] (accessed: 23.01.2024)
- 6 Mitja S. (2017) The anatomy of patriotism. Anthropological Notebooks, XXIII/1. P. 43-55 [in English]
- 7 Filipchenko S.N. Formirovanie patrioticheskoy kul'tury kursantov v protsesse obucheniya v voennom vuze [Formation of patriotic culture of cadets in the process of training at a military university]. Available at: — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoy-kul'tury-kursantov-v-protsesse-obucheniya-v-voennom-vuze> [in Russian] (accessed: 24.01.2024)
- 8 Kairova A.T., Turebayeva K.Zh., Olkhovaya T.A. “Düniétanu” pãnı boıynsha oqu äreketin üiymdastyru da bastauys synypoquşylarynyñ patriottıq mädenietın qalyptastyru [Formation of patriotic culture of elementary school students in the organization of educational activity on the subject "World Studies"]. “Abylai han atyndağy QazHQ jáne ÄTU Habarşysy” jurnaly, «Pedagogika ğylymdary» seriasy. 2023. №4(71). P. 344-356 [in Kazakh]
- 9 Kalmyrzaev A. Qazaqstandyq patriotizm qalai qalyptasady? [How is Kazakh patriotism formed?]. Egemen Qazaqstan. 10 qantar. 1998. 25p. [in Kazakh]
- 10 Sailauova N.S. Bastauys synyp oquşylarynyñ etnomädeni qúndylyqtary negızinde patriottıq tárbiä berudiñ teoriasy men praktikasy [Theory and practice of patriotic education based on ethno-cultural values of elementary school students]. Atyrau. 2010. 285 p. [in Kazakh]
- 11 Aryn E. Oryssa-qazaqşa túsındırme sözdik: Pedagogika [Russian-Kazakh explanatory dictionary: Pedagogy]. Pavlodar: "EKO" ĞÖF. 2006. 482 p. [in Kazakh]
- 12 Filipchenko S.N. Formirovanie patrioticheskoy kul'tury studentov [Formation of patriotic culture of students]. Izvestia Saratovskogo universiteta. Ser. Filosofiya. Psihologiya. Pedagogika. №11. 2011. P. 106-109 [in Russian]
- 13 Ruzha V.A. Stanovlenie i razvitie kul'tury patriotizma sovremennogo studenchestva: sotsiologicheskiy analiz [Formation and development of the culture of patriotism of modern students: sociological analysis]. Available at: — URL: <https://www.dissercat.com/content/stanovlenie-i-razvitie-kul'tury-patriotizma-sovremennogo-studenchestva> [in Russian] (accessed: 27.01.2024)
- 14 Mazur M.A. Formirovanie patrioticheskoy kul'tury u sotrudnikov organov vnutrennikh del [Formation of patriotic culture among employees of internal affairs bodies]. Available at: — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoy-kul'tury-u-sotrudnikov-organov-vnutrennikh-del> [in Russian] (accessed: 28.01.2024)
- 15 Nuttunen E.A. Pedagogicheskie uslovia formirovaniya osnov patrioticheskoy kul'tury detei mladshego shkol'nogo vozrasta sredstvami istoriko-literaturnogo muzeya [Pedagogical conditions for the formation of the foundations of patriotic culture of children of junior school age by means of the historical and literary museum]. Available at: — URL: <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/pedagogicheskie-uslovija-formirovaniya-osnov-patrioticheskoy-kul'tury-detei-mladshego.html> [in Russian] (accessed: 29.01.2024)
- 16 Sergeeva V.V. Nauchno-pedagogicheskie osnovy formirovaniya patrioticheskoy kul'tury budushikh pedagogov v vuze [Scientific and pedagogical foundations of formation of patriotic culture of future teachers in the university]. Available at: — URL: <http://arabaev.kg/dp.kg/uploads/Диссертация%20Сергеева%20В.В..pdf> [in Russian] (accessed: 30.01.2024)
- 17 Vereshhagina N.I. Formirovanie patrioticheskoy kul'tury shkol'nikov v obshcheobrazovatel'nom uchreždenii [Formation of patriotic culture of schoolchildren in an educational institution]. Available at: — URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-patrioticheskoy-kul'tury-shkol'nikov-v-obshcheobrazovatel'nom-uchrezhdenii> [in Russian] (accessed: 15.02.2024)
- 18 Nurakhmetova R.A., Moldagaliyev B.A., Feizuldaeva S.A., Urbisnina A.B. Pedagogika: sözdik. Oqu qūraly [Pedagogy: dictionary Educational tool]. Aqtau: Sh.Esenov atyndağy Kaspi memlekettik tekhnologialar jáne injiniriñ universiteti. 2009. 112 p. [in Kazakh]
- 19 Sydyqova R.Sh., Muhamedzhanova I. Bastauysh synyp oquşylarynyñ patriotizmin qalyptastyru tehnologiasy [Technology of Formation of Patriotism of Primary School Students]. Iassau universitetinin habarshysy. №1(123). 2022. P.219-228. [in Kazakh]
- 20 Tulegenova G.A. Bastauys synyptardağy gumanitarlyq pãnderdi oqytu arqyly oquşylardy patriottıqqa tárbiäleu [Education of students in patriotism by teaching humanitarian subjects in primary classes]. Available at: — URL: <https://zhetyu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/07/Диссертация-Түлегенова-Г.А.pdf> [in Kazakh] (accessed: 20.02.2024)

Information about authors:

Akerke Kairova – **corresponding author**, Doctoral student of the educational program “Pedagogy and methods of primary education”, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Republic of Kazakhstan

E-mail: kairova.akerke@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9275-5357>

Klara Turebayeva – doctor of pedagogical sciences, professor of the Department of “Psychological, Pedagogical and Special Education”, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Republic of Kazakhstan

E-mail: turebaeva_kj@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>

Информация об авторе:

Акерке Каирова – **основной автор**, докторант образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения», Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актобе, Республика Казахстан

E-mail: kairova.akerke@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9275-5357>

Клара Туребаева – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Психолого-педагогического и специального образования», Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актобе, Республика Казахстан

E-mail: turebaeva_kj@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>

Авторлар туралы ақпарат:

Акерке Каирова – **негізгі автор**, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kairova.akerke@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9275-5357>

Клара Туребаева – педагогика ғылымдарының докторы, «Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасының профессоры, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: turebaeva_kj@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0204-3501>